



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

### **KASE, KASE клиринг орталығы және Abu Dhabi Securities Exchange бас қосып, Tabadul Hub-ына қосылу туралы келісімге қол қойды**

**Алматы, 7 тамыз 2024 ж.** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) және "KASE клиринг орталығы" АҚ (KACC) бүгін Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) құрған Tabadul Digital Exchange Hub цифрлық биржалық хабына ресми түрде қосылғанын хабарлады. KASE Tabadul мүшелерінің тізіміне енген алтыншы қор нарығы болып отыр.

Бұл ынтымақтастық ұйымдар арасындағы екіжақты кросс-биржалық сауда-саттықты жүзеге асыруға, олардың стратегиялық серіктестігін нығайтуға және екі биржа арасындағы іскерлік қатынастардың мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, KASE-нің Tabadul Hub-ына қосылуы сауда тетіктерін оңтайландыруды және екі биржада бағасы белгіленетін бағалы қағаздарды екіжақты сауда-саттыққа қолжетімді ете отырып, инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді.

ADX Tabadul хабын 2022 жылдың шілде айында нарыққа өзара қол жеткізу моделі бойынша жұмыс істейтін аймақтағы алғашқы цифрлық алмасу орталығы ретінде іске қосты. Платформа инвесторларға халықаралық қатысушы биржаларда сауда-саттық жүргізуге мүмкіндік беретін, биржалармен байланысты брокерлік фирмаларға қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін биржалардың цифрлық желісін құрады. Tabadul хабында банктік, қаржылық қызметтер мен энергетикадан бастап телекоммуникацияға дейінгі әртүрлі секторлардың саудаланатын бағалы қағаздарына қол жеткізе алатын миллионнан астам инвесторлар тіркелген.

"Қазақстан қор биржасының Tabadul Hub-ына қосылуы қазақстандық қаржы нарығының қатысушыларына тиімді инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтеді. Tabadul Hub-ына қолжетімділікті қамтамасыз ету қазақстандық қор нарығында өтімділікті арттыруға және жеке, сол сияқты институционалдық шетелдік инвесторлар санын ұлғайтуға ықпал ететін болады. Қазақстандық инвесторлар Tabadul Hub-ына қосылған биржаларда, аиап айтқанда Abu Dhabi Securities Exchange (ADX), Bahrain Bourse (BHB), Muscat Stock Exchange (MSX) биржаларында шетелдік бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізе алады. Тағы бірнеше халықаралық биржалар осы жүйеге қосылу бойынша жұмыс жүргізуде. Биржа мүшелерінің мәмілелері бойынша есеп айырысулар KASE клиринг орталығы арқылы қазақстандық валюта теңгемен жүргізіледі", - деді KASE Басқарма Төрағасы Алина Алдамбергген.

Tabadul Hub-ына қосылудың техникалық жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған, бұл ретте қазақстандық Freedom Finance Global және Haluk Finance брокерлік компаниялары Tabadul қызметін қолдануда, ал бірнеше басқа жергілікті брокерлер осы жүйеге қосылу процесін қолға алды.

"Біз Қазақстан қор биржасын Tabadul цифрлық биржалық хабында қарсы алуға қуаныштымыз. Бұл ынтымақтастық серіктес биржалар желісін кеіейту және Tabadul хабын халықаралық инвестициялардың жетекші платформасы ретінде тағайындау арқылы ADX-тың жаһандық байланыстарын нығайтуға деген тұрақты мақсатымыздың маңызды бөлігі болып табылады. KASE және KACC-тың платформаға қосылуының арқасында инвесторлар енді Қазақстанда да, БАӘ-де де инвестициялық мүмкіндіктерге тікелей қол жеткізе алады, бұл ADX және Tabadul тарихының ерекше тарауына айналады. Біздің ынтымақтастығымыз өтімділікті арттырады, нарық тиімділігінің серпінін көрсетеді және инвесторларды белсенді қатысуға ынталандырады", - деп түйіндеді ADX Бас директоры Абдулла Салем Альнуайми.

Tabadul барлық қатысушы нарықтардағы инвесторларға оңай қол жеткізуге болатын сауда-саттық мүмкіндіктерінің кең ауқымын ұсына отырып, аймақ үшін және одан тыс елдерге болашақтағы тұрақты экономикаға қадам жасауды білдіреді. Платформа инвесторлар алушы биржалар белгілеген барлық талаптарға сай болған жағдайда тиісті жергілікті брокерлерде тіркелген инвесторларға қолжетімді болады.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД ХБҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

"KASE клиринг орталығы" АҚ (KASE) Биржаның барлық нарықтарында орталық контрагенттің клирингін, есеп айырысуларын және функцияларын жүзеге асыратын KASE-нің 100% еншілес ұйымы болып табылады. Клирингілік қызмет көрсетуде 1500-ден астам қаржы құралдары, оның ішінде KASE ресми тізіміндегі 253 Эмитенттің 989 бағалы қағаздар шығарылымы бар.

Абу-Даби бағалы қағаздар биржасы (ADX) — Араб аймағындағы екінші ірі нарық. ADX акциялар, облигациялар, биржалық индекстік құралдар (ETF), туынды құралдар және БАӘ бағалы қағаздар және шикізат тауарлары басқармасы (SCA) мақұлдаған басқа қаржы құралдары сауда-саттығын қоса алғанда, өнімдер мен қызметтердің кең тізімін ұсынады. ADX IPO арқылы тартылған қаражат көлемі бойынша әлемнің 7 көшбасшы биржаларының қатарына кіреді. 2023 жылы биржа әлемдегі жиырма ірі IPO-ның үшеуін өткізді. ADX стратегиялық серіктестері: Абу-Даби үкіметі, Бағалы қағаздар және шикізат тауарлары басқармасы (БАӘ), Дүниежүзілік биржалар Федерациясы (WFE) және Араб биржалары федерациясы.

**Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).**